

**Қаратөбе аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 17-7 ""
Қаратөбе аудандық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту
туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 16-11 шешімі. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2024 жылғы 7 маусымдағы № 15-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 07.06.2024 № 15-3 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қаратөбе аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 17-7 ""
Қаратөбе аудандық мәслихаты аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту
туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу
тізілімінде № 5122 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2018 жылғы 16 қаңтардағы № 13 "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің қызметін бағалаудың кейбір мәселелері туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16299 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Қаратөбе аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**;

көрсетілген шешіммен бекітілген "Қаратөбе аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесінде:

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, кадрлық жұмыстарды жүргізетін бас маман және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы әдістеменің 39-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

41-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат хатшысы

Н.Мендешов